



КАЗАХСТАНСКО-
РОССИЙСКИЙ
МЕДИЦИНСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс және оны табысты еңсеру

Орындаған: Байбатыр. Г

Тексерген: Хамытхожаева. Д



□ Жоспар:

□ Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс


□ Басталу көздері мен себептері

□ Дағдарыстың әлемде таралуы

□ Экономикада дағдарыстық құбылыстардың пайда болу көздері.

□ Кәсіпорындағы экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруын қамтамасыз ету шаралары.

□ Пайдаланған әдебиеттер



Экономикалық дағдарыс – нарықтық экономиканың өзіндік реттеуінің маңызды элементінің механизмі болып табылады. Яғни ол жағдайдың шегін анықтап қана қоймай сонымен қатар экономика дамуындағы ынталандыру және тазарту функциясы болып табылады. Ол мыналармен байланысты:

Біріншіден, дағдарыс, басты капиталды құнсыздандыра отырып өндіріс аппаратының жаңаруына жағдай жасайды

Екіншіден кәсіпорынның басты капиталының жаңаруына және техникалық базалардың жаңаруына міндеттей отырып, ғылыми техникалық прогрестің пайда болуына жағдай жасайды.

- **Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс**(2008 жылдан бастап) - әлемдік экономиканың дағдарысқа ұшырауы 2008 жылдан басталды және қазіргі уақытқа дейін өзгеріссіз келеді. Қаржылық жетіспеушілік АҚШ-тарынан басталды. Көлемі жағынан 1930-жылғы Ұлы депрессиямен салыстыруға болады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, 2009-жылы әлемдік ЖІӨ алғаш рет теріс динамика көрсетті. Сонымен қатар, 2011 жылы әлемдік сауда 10%ға қысқартылды. Евроаймақтағы және АҚШ-тағы экономиканың түсуі 2009 жылдың екінші жартысында аяқтағанымен, 2011-жылы Евроаймақта 2013-жылға дейін созылған және ең ұзақ болып саналған екінші рецессия басталды. Жаһандық тенденцияда 2008 жылғы дағдарыстан кейін әлемдегі орта класстың жағдайы төмендеді. Ал Швецарлық «Credit Suisse» банкнің 2015 жылғы есеп қисабы бойынша бұл уақытқа дейін оның әлемдік қазынадаға үлесі бірқалыпты болатын. Алайда, әлемдегі бай адамдардың 1%-ының байлығы 50%-дан асып бара жатыр. ХВҚ-ның бас экономисті Оливье Бланшардың айтуы бойынша 2014 жылы әлемдік қаржы қорының төмендеуіне байланысты басты проблема кіріспен шығыстың теңсіздігі. Жұмыссыздықтың өсуі 2009 жылы 199 млн адамды құрап, еңбек нарығының тарихында рекордтық санға айналды. Шет тілдерде сонымен қатар «Ұлы рецессия» деген атпен танымал

- **Басталу көздері мен себептері**
- Дағдарыстың туындау себептерін жалпы циклдік экономикалық дамумен байланыстырады, халықаралық сауда саттық пен капиталдардың қоғалысымен кредиттік банктің қызып кетуі және 1980-жылдардың аяғымен 2000жылдарды жаңадан пайда болған ипотекалық кризистің салдары деп есептейді. 2011 жылдың қаңтар айында АҚШ президенті Барак Обаманың шешімі бойынша шақырылған америкалық конгресстің 2008-2009жылғы дағдарысты зерттеуге арналған комиссиясы келесі факторларды анықтады: қаржылық реттеудегі сәтсіздіктер; уйде жұмыс жасаушылар санының артуы; реттеуге келмейтін банк «көлеңкелерінің» өсуі.

- **Дағдарыстың әлемде таралуы**

- «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ-ның Макроэкономикалық талдау және болжам жасау орталығының директоры Сара Алпысбаеваның хабарлауынша, биылғы рецессия, ең алдымен, Еуроаймақ мемлекеттеріне қатты тиеді. Әлемдік экономикаға төніп тұрған негізгі қаржылай қауіп те сол жерден келіп тұр. Америка Құрама Штаттарының экономикасы - бұл қауіп-қатердің екінші аймағы. Бүгінде ол жақта да экономикалық өсімнің тежелуі байқалып, мемлекеттік қарыз мәселесі өзекті болып тұр. Дегенмен, әлемдік экономика үшін «АҚШ-тың проблемасы» соншалықты маңызды емес. Себебі, соңғы уақытта янкилердің экономикасында оң үрдістер байқалып жатыр. Әлемдік экономикадағы қауіп-қатерлердің үшінші ошағы, ол - Қытай және басқа да қарқынды дамушы мемлекеттер. Мәселен, Қытай ағымдағы жылдың төртінші тоқсанында 9,2 пайыздық өсімге ие болмақ. Бірақ ол көрсеткіш 8 пайызға дейін тежеледі деген болжам бар. Осыған байланысты аспанасты елі қазірдің өзінде өз саясатын өзгертуге кірісті. Егер Қытай бұған дейін сыртқы саудаға басты басымдық беріп келсе, ендігі жерде ол ішкі сұранысты барынша көтеруге тырысады. Оның нәтижесінде елдің ішкі нарығындағы инвестициялардың көлемі артады. Демек, ішкі сауданы барынша дамыту арқылы Қытай өз экономикасын нығайтуға тырысады.

- Дағдарыс 1929 ж. қазандағы Нью-Йорк фондылық биржасында миллиондаған акциялардың бағасының миллиардтаған долларға кеміп кетуіне байланысты үрейден басталды. Бұл бағалы қағаздар рыногінің апатқа ұшырауы еді. Акциялармен биржалық алып-сатушылық және олардың курсы 1928—1929 жж. экономикалық серпіліс кезіндегідей жасанды түрде асыру осындай салдарға алып келетіні күмәнсіз еді. Бірақ биржа апаты терең экономикалық дағдарыстың тек сыртқы көрінісі ғана болды.

- Экономикалық циклдің міндетті кезеңі болып табылатын экономикалық дағдарыстардың ең басты себептерінің бірі — өндіріс пен тұтыну арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы болып табылады: шығарылған тауарлар рыногіндегі ұсыныс оларға деген төлем қабілеті — сұраныстан асып кетеді. Тауарлар жатып қалмасын деп өндірушілер әдетте дағдарыс кездерінде бағаны кемітеді, өндірісті азайтады, жұмысшыларды қысқартады, капитал салымын кемітеді. Өндірісті рыноктің тарылған көлеміне дейін теңестіру циклдік дағдарыстан автоматты түрде шығудың алғашқы адымы болып табылады. Бұл бұрын болған экономикалық дағдарыстарға тән көрініс болатын. Бірақ 1929—1933 жж. экономикалық дағдарыс ерекше болды.



- XX ғ. бірінші үштігінде жасалған жаңа техника мен технологияның жаппай өндірісті қамтамасыз етуге мүмкіншіліктері бар болатын. АҚШ-та жана дәуірдің белгісі автомобиль шығару болды. Жаппай өндірісті бастау үшін жаппай сатып алушы, жаппай тұтынушы қажет. 1929—1933 жж. дағдарыста дәл осы өндіріс пен тұтынудың, ұсыныс пен сұранымның арасындағы сәйкессіздік көрініс тапты.
- Ақырында, дағдарыс бұрын болып көрмеген мөлшерде тұрақты жаппай жұмыссыздық туғызды, миллиондаған адамдар үшін аштық, бүліктер мен көтерілістер қаупін төндірді, яғни әлеуметтік мәселелер шиеленісе түсті.

- **Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың аса маңызды ерекшелігі** циклдік дағдарыстың ұзақ мерзімдік құрылымдық дағдарыспен тура келуінде болды. 30-жж. циклдік экономикалық дағдарыс әдетте әрбір 10—15 жылда бір рет келетін құрылымдық дағдарысқа тура келді. Орыс ғалымы Н.Д. Кондратьев 20-жж. өзінде-ақ экономикалық дамудағы “үлкен циклдер”, немесе “ұзын толқындар” теориясын тұжырымдаған болатын. XX ғ. аса ірі экономикалық және саяси сілкіністері экономикадағы “ұзын толқындар” теориясының дұрыстығын дәлелдеп берді.

Жалпы зерттеу нәтижелері көрсеткендей, экономикалық дағдарыстың басты 2 деңгейін бөліп атауға болады:

микродеңгей, макродеңгей. Ал қосымша **мезо** және **әлемдік** деңгей болады

Микродеңгей - бұл деңгей жеке кәсіпорын деңгейінде жүреді және кәсіпорынның механикалық соммалары түрінде жүреді.

Макродеңгей - бұл деңгей халықаралық экономика деңгейінде жүреді Яғни бұл кәсіпорынның механикалық соммалары түрінде емес, бұл жалпы бір құрылым ретінде жүреді.

Мезодеңгей - бұл деңгей аралас салалардың шаруашылық байланысы, яғни әр түрлі қызметтегі кәсіпорындар мен ұйымдар қызметтері түрінде жүреді.

Әлемдік деңгей - бұл деңгей жалпы әлемдік шаруашылық болып табылады. Яғни әлемдік мемлекеттердің әлемдік нарықта және халықаралық шаруашылық деңгейде жүреді.



Экономикалық дағдарыс тарихы

Негізінен бірінші экономикалық дағдарыс 1825 жылы Англияда болған. Екінші дүниежүзілік біткеннен кейін (1948|949) локальды экономикалық дағдарыс пайда болған. Ол

көбінесе АҚШ пен Канадада байқалды. АҚШ та өнеркәсіп өнімдерінің көлемі - 18%, болса, Канадада – 12%, ал басқа дамыған мемлекеттерде - 6% кеміген жалпы осы 4 деңгейде кәсіпорын мен ұйымдардың жағдайлары қарастырылған. Себебі экономикалық дағдарыс ең алдымен кәсіпорын мен ұйымдарда байқалады. Осы 4 деңгейдің үшеуі, яғни мезо-, макро-, және әлемдік денгейлер кәсіпорынның сыртқы экономикалық ортасымен байланысты.

Экономикалық дағдарыс туралы көзқарастар қарама-қайшы болып келеді. Сондықтан әр мектептің көзқарастары әр түрлі болған

Мысалға, К.Маркстың экономикалық дағдарыстың пайда болу себептері туралы өзіндік ерекше жүйесі болған. Яғни оның көзқарасы бойынша айналымдық экономикалық дамудың себептері нарықтық шаруашылықтың өзінде жатыр десе, ал кейнсиандық мектептердің айтуы бойынша экономикалық дағдарыстың пайда болу себебі халықтың тауарды толық тұтынбауынан, өнімдердің шығарылу көлемінің қысқаруы деген.

Ал неоклассиктік бағыттағы мектептердің айтуы бойынша

экономикалық дағдарыстың пайда болу негізінен "тенсіздіктен", яғни экономикалық дамудағы сыртқы және ішкі факторларға байланысты

Фон Хайек – еркін нарықтың қолдаушысы және мемлекеттің араласуына қарсы адам болған, онын айтуы бойынша, негізінен дағдарыстар мемлекет қарамағынан өндірісті артығынан қаржыландырғаннан болады (арзан кредиттерден, сұранысты ұлғайтқаннан, жалған түрде субсидиялар мен дотациялар санын көтеру, мемлекет тарапынан халыққа трансфертердің берілуі).

Ал Шумпетер көзқарасы бойынша, экономикалық дағдарыс негізінен психологиялық көңіл күйге байланысты, яғни әр экономикалық айналым фазаларыны өзгеруіне әр кәсіпкер дайын болуы тиіс.

Экономикалық дағдарыстың тұжырымдамалары

1-тұжырымдама «Іскерлік айналымның теңдігі» бұл тұжырымдама, мемлекеттік экономикаға араласу арқылы өзіндік ақшалай «естен тану» генераторы болады, яғни шаруашылық жүйені тенсіздік жағдайынан шығарады және сол арқылы қоғамдық өндірістегі айналым тербелісін ұстайды.

2-тұжырымдама, «Саяси іскерлік айналым» – бұл тұжырымдамаға сәйкес басқару партиясы, яғни олар сайлаудағы күрестін жұмысбастылығымен және бағалармен манипуляциялайды, экономикалық дағдарыстың жоқтығын дәлелдейді. Ал сайлауда жеңіске жеткен соң үкімет жалған түрде жұмысбастылықты көтереді және бағаларды да көтереді.

*Кәсіпорындағы экономикалық
дағдарысқа қарсы басқаруын
қамтамасыз ету шаралары*



Кәсіпорындардың экономикалық дағдарысқа қарсы басқаруды қамтамасыз ету процесінің кезеңдері

Бірінші кезеңде кәсіпорын үшін қолайсыз жағдайлардың пайда болуының түрлері мен себептері анықталуы қажет.

Екінші кезеңде сол қолайсыз жағдайлар мен қатерлердің алдын-алатын шаралар жүйесі іске қосылуы керек.

Үшінші кезеңде қолайсыз жағдайлар мен қатерлердің алдын-алатын шаралардың орындалуы бақылауға алынады.

Төртінші кезеңде қолайсыз жағдайлар мен қатерлердің алдын-алу шаралар тиімділігі талдануы мүмкін.

Экономикалық дағдарысқа қарсы басқару жүйесінің қызметі оң бағаланса, шараларды қайтадан бастауға болады, қанағаттанарлықсыз деңгейде болса, тиімді қызмет жасайтын жүйе құру керек болады.

- Кейнс экономиканы дағдарысқа қарсы реттеу жөнінде бірнеше нақтылы шаралар ұсынды. Ол мемлекеттік шығындарды азайту немесе арттыру, экономикалық конъюнктураға байланысты салықтар мен банк пайыздарын кеміту немесе көбейту арқылы экономиканы жалпы мемлекеттік реттеу (макрореттеу) механизмін жасады. Дағдарыс жағдайында “сұранысты кампиту”, яғни өндірісті ынталандыру мақсатында мемлекеттік шығындарды арттыру, салық пен банк пайызын азайту, ал экономиканың “кызып кеткен” және инфляция жағдайында шығындарды азайту, салықтарды және банк пайызын көбейту ұсынылды. Мемлекеттік реттеудің бұл шаралары “тоқта-жүре бер” ұстанымы деген ат алды.

Қолданылған әдебиеттер:

«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 жыл.

Айбын. Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө.Жақып. - Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011

Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007.

Қарағанды. Қарағанды облысы: Энциклопедия. - Алматы: Атамұра, 2006.

*Назарларыңызға
рахмет!!!*

